



ЖҮЗЖАТҚА шығымасы

№ 6 (8894)
жұма 11 ақпан
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

«ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ - ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ»

KULTÖBE

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланғыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, биылғы жоспардың талқыланып отырғанын атап өтті.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен, инфляция межелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, қаңтар оқиғалары қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз



әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік

белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткізіп отырғанына назар аударды. – Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті да тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің бас-

ты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту басым міндеттің бірі.

– Қазіргі таңда 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елді-мекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады.

2-бет

QYSQA-NŪSQA

Ashat Oralovty qabyldady

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan partiasynyñ Atqaruşy hatşysy Ashat Oralovty qabyldady. Kezdesu barysynda Prezident Nur Otan partiasyn jañgyrtu jūmystaryn jedeldetudi tapsyrdy.

Europa Odağynyñ ökilmen kezdesti

Мемлекет басшысы Европа Odağynyñ Ortalyq Azia jönindegi arnauly ökili Teri Hakalany qabyldady. Мемлекет басшысы Qazaqstannyñ Europa Odağymen aradağy strategialyq seriktestikti odan äri nyğaituğa basa män беретінін атап өтті.


Servistik ortalyq qūrylady

Qazaqstanda Airbus ūshaqtaryna qyzmet körsetetin servistik ortalyq qūrylady. Bül turaly QR Industria jäne infraqūrylymdyq damu ministrlyğı habarlady.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАДА АБАЙДЫҢ ӘНІ ШЫРҚАЛДЫ

BÄREKELDI

Төрткүл әлем көз тіккен Бейжің олимпиадасында ерлер арасында мәнерлеп сырғанау жарысында латвиялық мәнерлеп сырғанаушы, жасөспірімдер Олимпиадасының күміс жүлдегері Денис Васильев (Deniss VASILJEVS) қысқа бағдарламасын Абайдың «Айттым сәлем қаламқас» әнімен бастады.



Бұл – қазақ композиторы Марат Бейсенғалиев пен британиялық Карл Дженкинстің «Sarakiz II: Romanza» композициясынан үзінді. 1999 жылы дүниеге келген Денис Васильев Латвия біріншілігінің төрт дүркін жеңімпазы және Таллинде өткен Еуропа чемпионатының қола жүлдегері.

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Жуырда Алматы облысының мәслихат хатшысы Жанболат Жөргенбаев ауданға жұмыс сапарымен келіп, қоғамдық қабылдау өткізді. Кездесуді аудандық мәслихат хатшысы Қанат Сатанов ұйымдастырды. Келелі жиында аудан жұртшылығы мінберде қоғамдық маңызы бар мәселелер мен толғандырған проблемаларды баяндады. Аудан әкімдігінің ғиамаратында өткен кездесуге 9 тұрғын ауылдық округтердегі мәселелерді арқалай келіпті. Атап айтсақ Сырымбет ауылдық округінің тұрғыны, ақсақалдар алқасының және ауыл тұрғындарының атынан келген Халық Қасенов ағын су тапшылығын таразылады.

– Ауыл тұрмысы егінге негізделген. Соңғы екі жылда егін егу қиындай түсті. Себебі егін еккенмен, су тапшы. Ал ауыл халқы егінсіз отыруы мүмкін емес. Бұл мәселе бұрын да қозғалған. 2019 жылы бердігер мекеме жаңғырту жұмыстарын бастап, бірақ аяқсыз қалдырды. Сол істі аяғына дейін жеткізіп, 7 шақырым арыққа лоток қойып берулеріңізді сұраймын, – деді ауыл тұрғыны.

Облыстық мәслихат хатшысы ауыл әкіміне және аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысына ағын су жүйесін жоспарлаған мердігерлік компанияның жұмысын саралауды тапсырды. Басты міндет – халыққа бар жағдайды жасау. Мәслихат хатшысы екі жылдан бері Жетісу өңірінде ағын су тапшылығы



айқын байқалғанын, соған қарамастан өңір шаруалары еселі еңбек етіп, мол өнімге қол жеткізгенін баяндады. Су тапшылығын болдырмау үшін ағын су жүйелерін ретке келтіру бағытында ауқымды шаруа бар. Бірақ, сондай маңызды жұмыстарда олқылықтар болмауын нығырлай тапсырды. Ауылдардағы өзекті мәселенің көбі ұялы байланыстың жоқтығы, интернеттің әлсіздігі және газ жүргізу. Ұялы байланыс мәселесін шешуді Абай ауылының тұрғыны Азамат Уәлиев, Қайнарлы ауылдық округінің тұрғыны Оксана Петровна да өтінді. 21-ғасырда интернетсіз жұмыс істеу де, күн көру де мүмкін емесін айтып шағымданған Байысов ауылының тұрғыны Наталья Изатулина да жағымды жауап ала алды. Абай, Байысов, Шымыр ауылының тұрғындарының көкейінде жүрген сұрақ газ жүргізу болды.

– Ұялы байланыс мәселесін жауапты адамдарға табыстаймын. Арнайы комиссия құрылып, тексеріп, тиісті шараны іске асырады. Газ жүргізуге келетін болсақ, Байысов, Шымыр ауылдарына 2022 жылы газ жүргізіледі. Ал Абай ауылының жобалық-сметалық құжаттары бірінші жарты жылдықта дайындап үлгерсе, екінші

жартыжылдықта жұмыс басталып кетуі әбден мүмкін, – деді Жанболат Жөргенбаев.

Сөзін аудандағы жұмыссыздық мәселесімен бастаған Қарабұлақ ауылының тұрғыны Наталья Орлова көшелерді жарықтандыру, ауыл ішіндегі көшелердің жөндеуге мұқтаждығымен жіпке тізгендей баяндады.

– Жұмыспен қамту мәселесі қазір қай өңір болсын өзекті. Облыс көлемінде бұл сұрақты көтереміз және мәселе шешілгенше қажырлы еңбек етеміз. Ал жарықтандыру мәселесін шешу қиын емес. Облыстық тас жолдың бойында тұрған Шымыр ауылының аялдамасын да, қараңғы көшелерді де жарықтандыру жайын аудан әкімдігі жүйелі шешеді деген ойдамын, – деді облыстық мәслихат хатшысы.

Жер мәселесі де, жабылып қалған бизнес нысан иелерінің жағдайы да май шаммен қаралатынын жеткізді облыстық мәслихаттың хатшысы. Келелі кездесуде көтерілген әр мәселе таяу арада оң шешімін табады деген үміт бар.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

Басы 1-бетте.

«ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ»

KULTUBE



Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдәкінемдер үшін нағыз майшелпекке айналған. Бұған Алматыдағы қаңтар оқиғасы кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономиканы өркендету үшін қосымша қаражат қарастыру міндетіне де тоқталды.

– Еркін экономикалық аймақтардың көпшілігі инвестиция әкелуі үшін тиімді бола алмады деп мен бірнеше рет айттым. Жарты триллион теңгеге жуық ауқымды салықтық ынталандыру топтамасына қарамастан жағдай осындай болып тұр. Нәтижесінде не таптық? Соңғы үш жылда еркін экономикалық аймақтарда өндірілген тауар көлемі ішкі жалпы өнімнің 1,5 пайызынан аспайды. Ал экспорттың үлесі жалпы өнімнің 0,1 пайызын ғана құрайды. Осы мәселені реттейтін кез келді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкіметке бір айдың ішінде заңға өзгеріс енгізуден бастап, барлық қажетті шараны қабылдауға, соның ішінде іштен және сырттан инвестор тартуға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы кеден бекеттеріндегі қордаланған мәселелерді жедел шешу қажет деп санайды.

– Тағы да қайталап айтамын: ондағы былықты жөнге келтірмесе, салдары қиын болуы мүмкін. Қытайдың статистикасы мен біздегі көрсеткіштің айырмасы 5,7 миллиард доллар болуы – соның дәлелі. Қазір Қытаймен арадағы кеден бекетінде 12 мыңнан астам көлік электронды кезекте тұр. Құзырлы экономикалық операторлардың заңсыз іс-әрекеті туралы бұған дейін де айттым. Олар кеденнен және басқа да бақылау органдарынан соншама жеңілдікті қалай алып отыр? Не себепті бұл мәселе назардан тыс қалған? Бұл сұрақтарға 10 күннің ішінде нақты әрі толық жауап күтемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің бюджет дербестігін одан ары арттыру қажет екенін арнайы тоқталды. Оның айтуынша, аймақтардың 82 пайызының дотацияда болуы дұрыс емес.

– Мен бұған дейін бюджетаралық қатынастың жаңа жүйесін қалыптастыру туралы тапсырма берген болатынмын. Осы тапсырманы тағы да естеріңізге саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент утилизациялық алым мәселесіне де тоқталды.

– Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шештік. Ендігі мәселе – мөлшерлеме деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу

талқылап жатыр. Бірден айтайың, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистриьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөніндегі бастамасын тездетіп жүзеге асыру қажеттігіне де баса мән берді. Бұл бастама өткен жылы іске қосылуы керек еді.

– «Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымалы мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй таңдай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында агроөнеркәсіп кешені дамыту мәселесіне баса мән берілді. Президент соңғы 5 жылда ауылшаруашылығын дамытуға 2 триллион теңгеден астам қаражат бөлінгенін еске салды. Алайда, оның айтуынша, субсидия қанша өссе де, бұл салада ауыз толтырып айтатын өзгеріс болған жоқ.

– Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті, ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 миллиард теңге бөлінді. Бірақ, оның тең жартысы желе ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті, кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы саланы ретке келтіруді, аграрлық саланың тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құруды тапсырды.

Бұдан бөлек Президент жерді белгілі бір тұлғалардың меншігіне өтіп кетуіне жол бермеу мәселесіне тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі бір тұлғаға 98 мың гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін иемденуге рұқсат беретін қаулы жобасын әзірледі. Бұл өлшеусіз жер иелену құқығын заңдастыру әрекеті сияқты көрінеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке жер учаскелерінің шекті көлемін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру тапсырылды. Мұны осы жылдың 1 мамырына дейін бекіту керек.

Президент энергетика кешенін дамытуға тағы бір басым міндеттің бірі ретінде тоқталды. Мемлекет басшысы былтыр осы салада болған дағдарысты еске салды. Атап айтқанда дизель отынының, авиакеросиннің, сұйытылған мұнай газының, электр қуатының тапшылығы байқалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет деп санайды.

– Жауапты тұлғалардың атом станциясын салу мәселесі жөніндегі сауалдарға жауап беруден неге жалтаратындарын түсінбеймін. Шындығын айту керек: егер таза атом энергиясы болмаса, инвестиция тартпақ түгілі, барлық экономикадан да, аймақтық көшбасшылықтан да айрылып қаламыз. Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет. Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популистердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет, – деді Президент.

Президент денсаулық сақтау мәселесі жөнінде айта келе, бұл саланың қаржыны көп қажет ететінін атап өтті.

– Қолда бар қаржыны түгендеп, басымдықтарды қайта қарау керек. Бұл – алдағы жобаларға, соның ішінде мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі арқылы салынатын 20 ауруханаға қатысты мәселе. Оның әрқайсысына жұмсалатын шығын қолданыстағы заманауи ауруханалардың құнынан бірнеше есе артық. Мұндай мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қажет емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрдорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

Сонымен қатар жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғашев, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов сөз сөйледі.

«ЖШ» ақпарат

ДҮЛДҮЛДЕР ЖЕҢІМПАЗ БОЛДЫ

Мұзбалақ ақын М.Мақатаевтың қазақ поэзиясында шоқтығы биік. Сонысынан болар ақынның туындылары ел арасында ерекше ықыласқа ие. Сезім мен көңіл пернесін арқау еткен өлеңдері әлі де әнші мен сазгерлерден сұраныс туындатып отыр. Өйткені, Мұқағали қазақ ұрпағы үшін, ұлт келешегі үшін қалам тербеді. Сол ұрпақтың санасында серпіліс тудырып, ақын шығармашылығын жастардың жадында жаңғырту мақсатында жуырда «Жырлайды жүрек» атты күміс көмей әншілер арасында байқау өтті. Аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қайнарлы ауылдық мәдениет үйінде шымылдығын түрген өнер додасына аудан көлемінде үздік танылған 11 бұлбұл үнді, күміс көмей әншілер қатысты.

Ақын мұрасын насихаттауды арқау еткен байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Қарабұлақ ауылының бұлбұл өңшісі Маржан Айтжанов иемденді. Бірінші орынды қараталдық Алтай Құмарбеков олжалап, екінші орынға қазылар алқасының ілтипатын иемденген қоңырлық Перизат Қайырбекова қанжығасына байлады. Ал үздіктер көшін түйіндеп, қоңыр дауысымен көрермендерді тәнті еткен Алдабергенов ауылынан Мейргүл Бексұлтан мен Сырымбет ауылынан Бақыт



Алтынбағана үшінші орынға жайғасты. Жеңімпаздар жуырда өтетін М.Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған өңдерден XIV облыстық «Жырлайды жүрек» әншілер байқауына жолдамаға ие болды.

Ардақ КӨМЕКОВА, Аудандық мәдениет үйінің өдіскері

САЙЛАУ ЖАЙЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісін әлем елдері ерекше ілттипатпен қарсы алады. Себебі бұл дата адамзат құқығын асқақтатар дүниежүзілік сайлау күні. Тарихқа көз жүгіртсек, 2005 жылы Будапеште сайлау органдарының жиынынан кейін атаулы дата күнтізбе бетінен орын тепкен еді.

Осы мерекеге орай Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы аудандық білім бөлімімен бірлесіп орта мектептің 11 сынып оқушылары арасында ашық сабақтар өткізді. Айтулы шараға К.Шестаков атындағы, М.Баисов атындағы, Т.Рүстембеков атындағы орта мектептері мен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп оқушыларына «Сайлау және сайлану Конституциялық құқығы» тақырыбында баяндама оқылды. Учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері оқушылармен сайлау және сайлау құқығы тақырыбында пікір алмасты. Өңгіме барысында балаларға болашақ таңдау және сайлану құқығы туралы айтылды.

Сондай-ақ, 3 ақпанда ауданның аумақтық сайлау комиссиясында және осы мектептердің қабырғаларында орналасқан сайлау учаскелерінде ашық есік күні өтті. 11 сынып оқушылары сайлау кезеңінде өткізілетін сайлау комиссиясының жұмысымен егжей-тегжейлі таныса алды.

Ескелді аудандық сайлау комиссиясы

CRIMINAL CODE ARTICLE 273-BAAP. DAIRYIN DALYP JATKAN TERRORISM AKTISI... ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТҚАН ТЕРРОРИЗМ АКТІСІ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН ХАБАРЛАУ - БЕС МЫҢ АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ МӨЛШЕРІНДЕ АЙЫППҮЛ САЛУҒА НЕ СОЛ МӨЛШЕРДЕ ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА НЕ БЕС ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМДЕ БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУГЕ НЕ СОЛ МЕРЗІМГЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА ЖАЗАЛАНАДЫ. @DINISTERI_ALMOBL

ЭКСТРЕМИЗМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ:

«Экстремизмнің бірінші белгісі адамның нағандыққа, керексіздікке негізделген өз көзқарасын, пікірін орындауына тоқтандырмай тұрады... Экстремистің қажеттіліктері мен өсиеті жөнінде түсінбейді немесе түсінгісі келмейді... Экстремистің қажеттіліктері мен өсиеті жөнінде түсінбейді немесе түсінгісі келмейді... Экстремистің қажеттіліктері мен өсиеті жөнінде түсінбейді немесе түсінгісі келмейді... Экстремистің қажеттіліктері мен өсиеті жөнінде түсінбейді немесе түсінгісі келмейді...»

ŞÖNGE

Қазақ үшін төрт түлік мал жесе тамақ, ішсе сусын, кесе киім, мінсе көлік болған. Ол кездегі төрт түлікке байланған қазақ тұрмысын малсыз көз алдына елестету өсте қиын. «Мал өсірсең – қой өсір, табысы оның көл көсір» дейді тағы да. Бүгінгі біздің тақырыптың арқауы да сол – қой. Қой болғанда да оның жүні жайында болмақ. Ал сол жүнді кедеге асырып жатырмай ба?

Өзіміз тәуелсіздік тұсында өмірге келген соң ба, әйтеуір үлкендердің «біздің кезімізде» деп отыратынын жиі естіміз. Мәселен, кеңес заманының өзінде мал терісі мен жүні, тіпті сүйегіне дейін пайдаланылған дейді. Ал осы күні қойдың жүні, малдың терісі мүлдем қажетсіз зат болып қалғанына куә болып жүр талайы. Пима дегенді естігеніміз, көргеніміз болмаса ес білгелі аяғына басып алып жүргендерді онша аңғармаппыз. Осыдан он шақты жыл бұрын ауылдағы ағайын киетін еді. Қазір ол да жоқ. Бірен-сараң адам ғана дүкеннен қытайдың дайын ұйығын сатып алады. Бірде «ойбуылап» бетін шымшыған қос кемпірдің өңгімесі біраз ойландырды. Қой терісі сыпырылған соң әртеліп не үлкен қоқыс жәшігіне тасталғанын көріп шағымданып отыр екен. Осылайша, бір кездері табыстың көзіне айналды деген қойдың жүні мен терісі бүгіндері ешкімге керексіз болып, қоқысқа тасталуда. Сөйтіп қандай? Ақтала аламыз ба?

Қазақ халқы төрт түліктен алынатын барлық өнімді кәдесіне жаратқан. Малдың етін, сүтін азық етсе, терісі мен жүнінен мата жасап, киім-кешек тігуге пайдаланған. Жүннен бау-шу, арқан-жіп, киім-кешек, қазақ үйдің кизи, әртүрлі төсеніштер мен қап, шөкпен сияқты ең қажетті мүліктер жасаған. Қазір ше? Шынтауытыны керек, елімізде жеңіл өнеркәсіптің тұралап тұрғаны рас. Осы орайда көкейде мыңдаған сұрақ туындайды. Қазір қойдың жүні саудалана ма? Құны қанша? Қай елдің киімін киіп жүрміз? «Отандық өнім» ше? Сурақтарымыздың жауабын іздеп көрейік.

«Жібекті түте алмаған жүн қылады» дегендей, мал жүні мен терісін босқа рәсуа етіп жатқанымыз өтірік емес. Сөз басында айтқанымыздай кешегі «қой бағып, құйрық жеп озғандар» қой жүнін пайдаланбақ түгілі, далаға тастамайтын еді. Бұл жайында 40-жыл қой баққан шопан, зейнеткер әже біраз жайдың басын ашып айтты.

- Жаңа сыпырылған терінің буы бұрқырап тұратын еді, шіркін. Жатып қалған тері тез арада бүлінеді. Ол алдымен кеуіп, содан кейін мыжырайып, мүйденің кетеді. Одан кейін көгеріп, жүні түсе бастайды. Содан соң мүлдем шіриді. Сондықтан да тері бүлініп кетпеуі үшін одан түрлі дүниелер жасауға тура келеді. Тездетіп тазалап, сабап, артық қоқымдарын алып, түтіп жөндеп алатынбыз. Қазіргі жастар ештеңенің қадірін білмейтіндей көрінеді. Қойдың жүні бекер ысырап болып жатыр, – дейді Гүлбар Бертаева.

Қойдың жүнін кешегі апаларымыз көбіне киіз басып, текемет, қалпақ, ақ-бенек тігіп, киіз етік, пима сияқты аяқ киімдер жасаған. Оны алдымен шаңтозаңнан, шөп-шөгірден тазартып, жүннің білтеленіп, ұйысқанын жазу үшін сабап алған. Ертеде әйелдер мен еркектер жүн сабауда ерекше көңіл-күймен кіріскен, бұл үрдіс ойынсауықпен көңілді өтетін болған. Жүн тазалау, сабау түгел дерлік өткеннің еншісінде кеткен жоқ. Бүгін де қой терісін ысырап етпей, пайдаға жаратып жатқан кәсіпкерлер де аз емес. Көрпе тігіп, қыз жасауын жасайтын жерлесіміз Райхан Мамырова да осы тізімде.

- Көрпені де, оның тысында қолдан тігеміз. Қажет құралдар бар. Келін көрпесі, шай көрпе,

ҚОЙ ЖҮНІ ҚАШАН КАДЕГЕ ЖАРАЙДЫ? НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТЕ БӘСІМІЗ ТӨМЕН



қонақ көрпе секілді түрлерін жасаймыз. Құрақ құраймыз. Тапсырыс беруші өзіне қажет дүниесін, яғни оның түсін, матасын – барлығын өзі таңдайды. Біреулер тек көрпенің өзіне тапсырыс берсе, біреулері тысын ғана алады. Тысталған әзір көрпені алушылар қатары да жоқ емес. Мен үйден тігемін, дайын болған тапсырыстарды үйде ұстаймын. Еңбегіміз сапасына, көрпенің тым қалың, әрі тым жұқа болмауына да ерекше мән беріледі. Көрпе тігудің өзі үйреніп алған адамға қиын жұмыс емес. Алайда жүннің өзін дайындау біраз уақыт алады. Ауылдардан жүн сұраймыз, кейде сатып аламыз. Жүнді алып, оны жуып, үттеміз. Соның барлығы қанша уақыт алса, соншалықты күшті де қажет етеді. Тысымен дайын жамылатын көрпені 12000 теңгеден сатамын. Былайша көрпенің өзі 8000-10000 теңгеден. Сондай-ақ, мақта көрпелер де бар. Оның бағасы 5000 теңгеден, – деді Р.Мамырова.

Ісмердің қолынан көпшіктер де шығады. Мақта және синтепон материалдарынан дайындалатын көпшіктердің де бағасы қолжетімді. Жалпы қыз жасауының жиынтығы 100 мың теңгенің шамасында болмақ. Пікір иесінің қолынан шыққан дүниелер көптің көңілінен де шығуда. Десек те Райхан Мамырова өзінің бизнес жоспарын дайындап, мемлекеттік грантка қатысып көрсе де, ұптағанын айтты.

Көбіміз атакәсіптен қол үзіп кете қойғамыз жоқ. Тек қолда бар теріні дұрыс бағалатын, өткізе алмай дал боламыз да, қазақ елінің ішіне келіп, айна мен ине, сабын мен шәй таратып, соларға тері айырбастап алатын баяғының татар саудагерлеріндей әлекедей жалаңған делдалдарға бірер мың теңгеге арзанға беріп құтыламыз.

- Мен үнемі тері қабылдайтын мекемеге барамын. Қойдың терісін 250 теңгеден алатын. Әрине, көлеміне қарай. Бірақ соңғы барғанымда қолымдағы теріні қабылдамады. Себебін де түсіндірмеді. Амаз жеқ теріні өртеп жібердім, – дейді аудан тұрғыны Нұржан Жаршанов.

Осыдан туындайтын осы күннің картинасына қараңыз. Жүнге жарығанымен, жейдеге жарымай жүрміз. Кең-байтақ жеріміздің мақтасын матаға айналдыра алмағандықтан киім өндірісіне келгенде өзге телміруді тоқтатқан жоқпыз. Біз жыл сайын өндірілетін 15-20 мың тонна жүннің 10 пайызын ғана пайдаланады екенбіз. Қалғаны – ұстағанның қолында, тістегіннің аузында. Сәнді киімнің отаны саналатын Италия мен Франция қойдың жүнін бізден арнайы тапсырыспен алдыртып, өндеп, жаңағы жемпірін бірнеше есе қымбат бағада өзімізге қайта сатады. Аузымыздың суы құрып, таласа, тармаса аламыз. Қара қойдың қадіріне жете алмай жүріп,

қарадай күйіп жүрген – тағы өзіміз.

- Қазір сапалы киімнің бағасы да өзіне сай. Қарапайым көйлектер 20-мың теңгеден өрі. Ал сырт киімнің бағасы, тіптен, қымбат. Отандық өнімді сатқымыз-ақ келеді. Бірақ сұраныс Дубай, Италия, Франция, Түркия елдерінің киімдерінде. Қытай өнімдері де нарықты бермейді. Соңғы кезде Қырғызстанның киімдері базарларды жаулап алды. Себебі бағасы арзан. Десек те табысы жақсы жан сапалы дүниеге ұмтылады, – дейді жеке кәсіпкер Айгерім Оспанғали.

Орта Азияда жеңіл өнеркәсіп бойынша Қытай мен Өзбекстан бес қаруын сайлап отыр. Ал Қазақстандағы жағдай қандай? «Егемен Қазақстан» газеті еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің статистикасын ұсынған екен: «Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің соңғы ширек ғасыр көлеміндегі тіршілігін саралайтын болсақ, республикамыздың өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесі 1990 жылы 15,8 пайызды құраса, 2000 жылы 2,3 пайызға дейін қысқарып, 2011 жылы 0,1 пайызға дейін құлдыраған. Қазақстан жеңіл өнеркәсібі саласында тек 2016 жылы ғана жұмыс істеп тұрған 79 кәсіпорынның 27 пайызы жұмысын тоқтатқан екен. Жыл ішінде еліміздің тоқыма өнеркәсібіндегі 12 кәсіпорын (33 пайыз), киім тігу өнеркәсібіндегі 8 кәсіпорын (22 пайыз), тері бұйымдарын шығаратын 1 кәсіпорын жабылған». Қол сынып, балтыр сыздамаса да, жүрек ауыратын жағдай. Десек те отандық киімдердің бағасы ұшып тұр. Өндіріс аз, бәсекелестік жоқ болғандықтан шығар деп топшыладық. Әркім өз көрпесіне қарай көсіледі. Кім қай жерден киінгісі келеді, өз еркі. Отандық өнімді қалтасы көтермеген соң, арзан тауарға ұмтылғандарды сынамаймыз, еліміз өндірмеген киім талғамына сай келмегендерге де дауымыз жоқ. Тек шіркін, әр отандасымыздың киімінің жағасында «made in Kazakhstan» деп тұрса дейміз. Иә, тілек те, арман да еңбек етпесек орындалмайтыны мәлім.

Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ОБЪЯВЛЕНИЕ!
Департамент экологии по Алматинской области (далее – Департамент) напоминает, что в соответствии со статьей 337 Экологического кодекса Республики Казахстан, субъекты предпринимательства, планирующие или осуществляющие предпринимательскую деятельность по сбору, сортировке и (или) транспортировке отходов, восстановлению и (или) уничтожению неопасных отходов, обязаны подать уведомление о начале или прекращении деятельности в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды согласно приложению 6 к приказу Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 января 2015 года № 4, в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях».

Следует отметить, в соответствии с пунктом 3 статьи 337 Экологического кодекса Республики Казахстан, запрещается осуществление предпринимательской деятельности по сбору, сортировке и (или) транспортировке отходов, восстановлению и (или) уничтожению неопасных отходов без уведомления.

Также, в связи с введением в действие нового Экологического Кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года Департамент сообщает следующее.

В соответствии со статьей 384 Экологического кодекса Республики Казахстан, операторы объектов (физическое или юридическое

BELES
Біз осы кімнен кембіз? Кемдігіміз қайсы? Дүниеге келгенде кім-кімнен кем болыпты? Тең болмаса, кем болмапты, болмайды да! Ал бүгінгі кемдігімізге не түрткі? Қайсы себеп? Іздесек себеп те, салдар да жетеді. Бізде анау жоқ, мынау жоқ! Бізге үнемі жетпейді. Бізге бәрі керек! Керек емес дүние бар ма? Тағы да жоқ. Жоқ дегеннен бар пайда болмайтынын ескерген кім бар? Бұрынғы үлкендер «жоқ-жоқ дей берме, жоғаларсың» деуші еді. Біздің жоқ тау сылар емес. «Жоқ» дегеннен біреу барын бермейді.



ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...



Азғантай бар мен жоқ арасын таразылап болсақ, өңгімеімізді өрмен өрбетейік. Біз осы хәкім Абайдың «ақылға бірлік» пайымын түйсініп жүрміз бе? Қайдам?! Түйсінгендер бұлай тірлік қылмас болар еді. Бәріміз түсінебіз дей алмаспын. Түсінгендер де бар арамызда. Тарамдайын. Жуырда жұмыс үстеліме шұқшып, қағаз бетіндегі мәтінге қара бүркіттей шүйліге түскен сәтімде «сәлеметсізбелеп» бір бойжеткен кіріп келді. Жинақы киінген, өзін биызы ұстаған қаршадай қыз мәдениеттілікті сақтап жаныма жақындады да, жөнін айта бастады. Қос жанарым қыздың қарекетінде болғанымен, мыым өлгі мәтінде. Содан қолындағы шағын сөмкесін төңкере салғаны. Міне, қызық! Үстел бетін сан түрлі шашбау көмкеріп кеткені. Қызылы, жасылы, көгі дейсіз бе? Қандай пішінде керек? Үлкені, шағыны, дөңгелегі, шашақ гүлдісі... Нәзікхандылардың қатарына жатпаса да мына сұлулық жанды баурайды кәдімгідей. Не керек, әуеліде абырар қалғанымымен, артынан бойжеткеннің жөнін сұрай бастадым.

Қаршадай қызым – Айжан Нүсіпова есімді Қарабұлақтың тумасы екен. Аудан орталығындағы «Арт-студия» үйірме орталығында жұмыс істейді. Өрі студент. Шымкенттегі академик Ө.Қуатбаев атындағы Халықтар достығы университетінің соңғы курсында екен. Соған қарамастан, ине мен оймақты жанына серік етіп жүр. Жұмыстан, онлайн сабақтан қолы қалт етіп босай қалса, шашбау тігумен айналысады.

- Көп дүниені анам Жанат Есенқызынан үйрендім. Бірер жыл бұрын өпкем тұрмысқа шығатын болып, анам екеуім қыз жасауын даярлауға кірістік. Әдетте көп жұрт жасауды сатып алып жатады. Ал, анам тігіншілікпен айналысатын болған соң, қажетті дүниені сатып алып, өпкемнің жасауын өзі жасады. Бүгінде «Арт студия» орталығында ұйымдастырушы қызметін алып

жүрмін. Бұл жерде Юлия Душенька көп дүниені үйретті. Қыздарға арналған шашбау даярлауды сол кісіден үйренгенмін, – деді Айжан Нүсіпова.

Қарапайым бойжеткен бос уақытты тиімді пайдалануға машықтанған. Қолы қалт етсе ине мен оймағын қолына ала салып, кәсібіне кіріседі. Ғаламтордан ізденіп, сондағы сан шашбауды қазір өзі жасайды. Қажет бұйымның көп көлемін даярлаған соң, аудандағы мекемелерді жағалап жүреді. Мұндағы мақсат – шашбау сату. Бағасы да қымбат емес, 500 теңге мен 1000 теңгенің арасы. Өрі сапалы дүниеге сұраныс та жоғары екен. Біздің редакцияда жұмыс істейтіндер де бірнешеуін алды. Қалай дегеннен сапасы жақсы бұйымға сұраныс жоғары болады ғой.

- Бұл кәсіппен, кәсіп демеу-ақ қояйыншы, ермекпен шұғылданып жүргеніме 4-5 ай болды. Бүгінде шашбаудың 20 шақты түрін даярлаймын. Бұйымды жасауға қажетті жабдықты облыс орталығынан аламын. Бір шашбаудың жұбын даярлауға 15-20 минут уақыт кетеді. Алдағы уақытта маталы сөмке жасауды жөн көріп жүрмін. Әдетте сауда орнына барғанда немесе сөйіп тұрғанда пайдаланатын мұндай сөмкеге сұраныс жоғары боларын сеземін, – дейді кейіпкеріміз.

Айжан Нүсіпованың айтуынша, ермегі табыс көзіне айналып келеді екен. Бірақ, кәсіпкерлікпен шұғылдану ойында болмаған. Өйткені кәсіпкерлік негіздеріне баулу бізде кенжелеп тұр. Мәселен, мектеп қабырғасында кәсіпкерлік негіздері оқытылмаған. Қазір шыны да кәсіпкерлікпен айналысу үлкен мамандық. Мәселен, кәсіппен шұғылданушы қаржылық есепші, менеджер, маркетинг, т.б. мамандықтарды меңгеруі керек қой. Әдетте жастардың кәсіпкерлікке бойлауына осындай кәсіпті меңгермеуі көп кедергі. Олардың бойында үрей басым. Тәуекел төмен. Аз-кем өңгімеден соң, кейіпкерімізде атаулы салаға қызығушылық оянда ма мүмкін ақыл-кеңесіміз әсер етіп, ермегі ертеңіне айналдыру жайында ой түйді ме, атаулы салаға мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіншіліктерді қарастыру керекін айтып қалды. Біз де қарап қалмай, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына баруға кеңес бердік.

Қолы қалт етсе, қалтафон шұқып, қарап жатпайтын Айжанның тірлігі көпке үлгі. Аз-кем ермегін табыс тауып жүрген қаршадай қыздың қарекеті көз сүйсіндіреді. Бастысы кейіпкеріміз «жоқ-жоқ» демеу, ер адам өз күнін көруге машықтану керегін айтады. Талабы таудай бойжеткеннің ақылға бірлігі барына шұқрлық қылып, тілеуестігімізді білдірдік.

М.МАҚСЫМ

лицо, в собственности или ином законном пользовании которого находится объект, оказывающий негативное воздействие на окружающую среду), обязаны предоставлять отчет по инвентаризации отходов. Отчет представляется ежегодно по состоянию на 1 января и 1 марта года, следующего за отчетным, на бумажном носителе и (или) в электронной форме посредством ее заполнения в информационную систему государственного кадастра отходов и подписания электронной цифровой подписью должностного лица оператора объекта, ответственного за предоставление информации. Ссылка для входа в ЕИС ООС: (<http://oos.ecodeg.gov.kz/>).

Операторы объектов обязаны предоставлять отчет по инвентаризации отходов согласно утвержденной «Формы отчета по инвентаризации отходов» Приказом и.о. Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 18 января 2022 года за № 14.

За не предоставление отчета по инвентаризации отходов предусмотрена административная ответственность в соответствии с пунктом 3 статьи 344 и пункта 1 статьи 327-1 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

При возникновении вопросов можете обратиться по телефону: 87722/24-57-22 и 8 747 611 70 13 или по адресу: г. Талдықорган, ул. Абая, 297.



МАМАН МІНБЕРІ

Артық салмақ әлемге басты проблема болып отыр. Азуын айға білеген алпаяу елдерде «салмақтылардың» саны басым. Артық салмақ – індет ошағы. Бұл біздің сөз емес, диетологтардың пайымы. Сенбейсіз бе? Айналаңыздағы адамдардан жиі естіп жүрген шығарсыз, «диета ұстап жүрмін» деген әңгімені. Бүгінде фаст-фуд пен жалқаулықтың өркендеген дәуірінде артық салмақ айықпас дерттей көрінеді. Салмағы сымбатына кереғар болып жүрген жастар да, аға-әкекелер де жетерлік. Мақұл, таңдау сіздікі, дене мүсінің өзіңізге ұнаса болғаны. Бірақ БАҚ пен түрлі әлеуметтік желі дүрбеленге ұшырап жатқан әлемде «дені сау және спортсүйер» болып көріну танымалдылыққа ие. Йога, пилатес, ча-ча, ішпен билеу, арықтау марафондары. Айналып келгенде соңғы нүктені қоятын – диета. Диета деген не? Сау мүсінді сақтау үшін қандай тағамдарды жеу керек, нені мүлдем мәзірден алып тастау керек соны шешетін сала. Қысқасы артық салмақтан арылғысы келетіндерге арналған тамақтану жоспары. Диетологияның ғылым ретінде пайда болуы Гиппократ есіммен байланысты. Диетология тағам гигиенасымен тығыз жүреді. Қазақстанда диетология емдеу-профилактикалық мекемелерде, демалыс орындары мен санаторийлерде диетологиялық қызмет көрсету ісін ұйымдастыруға байланысты 1930 жылдан дами бастады. Дұрыс тамақтану тәртібін терең зерделеп жүрген маманның ақыл-кеңесі оқырмандарымызға артық болмас деген оймен жеке кәсіпкер, диетолог маман Гүлнұр Сапыбаевамен тілдескен едік.

ГҮЛНҰР САПЫБАЕВА, ДИЕТОЛОГ:

«ДИЕТА ҰСТАУ ЕРІККЕННІҢ ЕРМЕГІ ЕМЕС»

– Бұрындары диета сөзін ести бермеуші едік. Қазір екінші бірі осы сөзді қолданбаса тұра алмайтын жайға жеттік. Осы диетологтың неізгі миссиясы қандай?

– Диетолог артық салмақтан зардап шегіп жүрген жандарға арықтауға қатысты кеңес беруге және салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі. Олар сонымен қатар тағамдық құндылықтарды зерттеуге және тұтынушылардың қажеттіліктеріне сәйкес диетаны қалыптастыруға жауап береді. Қазіргі таңда өз бетінше арықтауға әрекет жасап, ғаламтордағы диеталар арқылы салмақ тастап жүрген жандар өте көп. Алайда олардың көбі жоғалтқан салмағын қайта қосып алып, семіздіктің зардабын көруде. Әр саланың өз маманы бар. Сол секілді арықтау мәселесіне келгенде де диетолог маманның көмегіне жүгінген дұрыс. Диетологтардың пікірінше, егер салмақ қалыпты нормадан 9-11 келіге

артса, онда бұл артық салмаққа жатады. Бірақ мұндай жағдайда осы салмақпен ары қарай өмір сүруге болады. Дұрысы – диетологтың көмегіне жүгіну. Дене салмағы 12-13, тіпті, 20 келіге артып кеткен болса – диетологқа бару міндет. Мұндайда ешкім семіздікпен өз бетінше күресе алмайды.

– Қызық екен. Ал сіз неліктен диетолог болуды таңдадыңыз?

– Бүгінде диетолог мамандығы жоғары сұранысқа ие. Аллергия қаптаса «аллерголог», дизайнер қаптаса модель сұранысқа ие деген сияқты, фаст-фудтың елімізге дендеп енуі диетолог маманның сұранысын көбейтті. Мәселені көріп тұрмын, шешу жолын да біздік. Сол мақсатта дәл осы салаға бет бұрдым.

– Диета ұстау адамның денсаулығына

кері әсер етпей ме?

– Әр дүниенің шегі бар. Шегінен шығу кері әсерсіз болмайды. Маман көмегімен ұсталған диета әрдайым оң нәтиже береді. Өз-өзіне сенімді, өзін құрметтейтін кез келген диетолог-маман ғаламтордан алынған диета мәзірін жазып бере салмайды. Маман барлық тексеруден өткізгеннен кейін, жеке кісіге арналған ас мәзірін жасайды. Сондай-ақ дұрыс тамақтануға байланысты барлық ақпаратпен бөлісіп, кеңесін де аямайды. Ең бастысы – адам өзін қинамауы керек.

– Кейде жастар арасында ашығы бой көтереді. Ораза болмаса да, артық салмақ пайда болды деген желеумен күн-түн тамақ ішпей жүреді. Бұл дұрыс па?

– Әрине, дұрыс емес. Күні бойы аш жүрген адам керісінше салмақ тастамай-

ды. Ал салмақ қосуы өбден мүмкін. Себебі, тұтынатын пайдалы заттар кенет азайған кезде ағза дағдарысқа ұшырап, заттектер қорға жинала бастайды. Бұл калорияның баяу жойылуына әкеледі. Яғни, ашыққан кезде керісінше салмақтың қосылуы артады. Сондықтан, күні бойы аш жүріп арықтайтын деген ойдан алшақ болған абзал.

– Әлемнің бетін жаулап алған «Арықтау марафондары» қапшалықты тиімді?

– Қазір мұндай марафондар өте көп. Тиімді және тиімсіз жақтары таразының қос басында тұр. Тиімді жақтарына тоқталсақ – артық салмақтан арыламын деген кез келген жан еліміздің қай өңірінен болса да марафонға онлайн қатыса алады. Ұйымдастырушыға белгілі бір көлемде ақша төлеп, дұрыс тамақтану ережесімен танысады. Бір жағынан денсаулыққа пайдалы, ал екінші қырынан мотивациялық кеңестер мен дұрыс тамақтануды едетке айналдыруға мүмкіндік алады. Қатысушыларға күнделікті тамақтану мәзірі ұсынылады. Тиімсіз жағы да белгілі. Егер ережені орындамаса, ұсқаушының айтқанына кереғар дүниелер жасаса арықтау мүмкін емес. Сондай-ақ бұл – артық

көп тамақ ішу керек. Және болашақ ана жиі тамақтануы керек, қатты тоймағаны немесе аш болмауы да маңызды. Сондықтан жүктілік кезінде диеталар аса әуес болмаған абзал.

–Нақты және пайдалы ақпарат бердіңіз. Арықтауды ең дұрыс жолы қандай соған тоқталыңызшы?

–Арықтауды ең дұрыс жолы – дұрыс тамақтану. Дұрыс тамақтану дегеніміз уақытылы ауқаттану. Таңертең, түсте, кешке және ас мәзірінде ағзаға қажетті кәмірсулар, ауызды және майлар болуы керек. Ол сары май, мал майы, құнбағыс майы. Бір сөзбен айтқанда қазақтың асылған майлы етін жеу керек. Таңертең тойып тамақ ішсең, түсте асылған ет жесең, кешке өзің-ақ көп тамақ іше алмайсың. Арықтау процессі нәтижелі болу үшін өзіңді қинамауың керек. Бұл өте маңызды.

– Бұл сөзіңіз семіздікті ет жеуден іздеп жүргендерге анықтама болды ғой. Жалпы артық салмақтың денсаулыққа «салмағы» қандай?

– Барша өлемде жеткіліксіз салмаққа қарағанда артық салмақ пен семіздік өлім-жітімге көбірек ұшыратады. Диабет ауруының –44%, жүректің ишемиялық ауруының 23%, кейбір қатерлі ісік ауруларының 7-41% жағдайлары артық салмақ пен семіздік әсерінен. Семіздік немесе артық

ақша шығыны.

– Жүктілікке келетін болсақ. Әр әйелдің жүктілігі әртүрлі өтеді. Кейбіреулері сымбаттылығы мен сұңғақтығын сақтап қалса, біреулері өте көп артық салмақ жинап алады. Кей әйелдер диета ұстау жайлы ойлайды, бірақ балаға зияны тие ме деп уайымдайды. Диета жүктілікке әсер ете ме?

– Диетология саласында қарапайым ереже бар. Тамақ мөлшерін азайтып, қозғалыс белсенділігін жоғарылатқан сайын ақырындап салмақ азая береді, бірақ жүктілік кезінде қабылдайтын құнарлылық мөлшерін азайтпаған дұрыс, себебі бұл балаға зиянын тигізеді. Жүкті әйел аяғы ауырлағанға дейінгі уақытқа қарағанда

салмақ деп ағзада майдың мөлшерден тыс көп болуын айтады. Және май барлық жерде жиналады: тері асты жасуыққа, бүйрек айналасында, жүректің бетінде, қабырғаларда, мойында. Семіздік денсаулыққа үлкен қауіп төндіреді. Оған қоса, артық салмағы бар адамдар ауыр психологиялық қиындықтарға душар болады. Өйткені біздің қоғам сымбаттылық пен арықтықты бағалайды. Бұл әсіресе әйелдер мен жасөспірімдерге қиынға соғады. Сондықтан денсаулығымызға бей-жай қарамайық. Дұрыс тамақтану, салмағымызды үнемі бақылауда ұстауық. Артық салмақ пен семіздік мазаңды алған болса, диетолог-маманға лезде жүгінгеніңіз абзал.

Сұқбаттасқан Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ

ДАУА

ҚҰРТ АУРУЫНАН САҚТЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ

Халық арасында туберкулез жазылмайтын дерт немесе тіпті «құрт ауруы» деген пайым бар. Әдетте бұл сырқатпен ауырғанда иттің, шошқаның тіпті кейде аюдың майын ем үшін пайдалану керек деген наным-сенім бар. Алайда мұның ешқайсысы адамды туберкулез дертінен жаза алмайды. Шын мәнінде, мұндай жалған сенім тиісті ақпараттармен сусындамау салдарынан бой көрсетуде.

Біріншіден, туберкулез емделмейтін ауру емес. Айтулы дертті қазіргі медицинада 100 пайыз емдеуге болады. Әрине, бұл ғылыми медицинада практикалық зерттеу мен тәжірибе жүзінде дәлелденген. Яғни, ауруды емдеудің әдістері сынақтан өтіп, тиімді нәтижеге қолданысқа енді. Екіншіден, туберкулез генетикалық ауру емес, яғни, қазақша айтқанда, тұқым қуаламайды. Бірақ бұл дерт – жұқпалы ауру. Коронавирус сырқатынан да қауіпті. Өйткені адамдар арасында коронавируска қарсы ұжымдық иммунитет қалыптаспа, қауіп сөйледі. Ал туберкулезге қарсы ұжымдық иммунитет қалыптаспайды. Оны тек дәрі-дәрмекпен, жүйелі күтіммен емдеуге болады. Туберкулездің бірнеше түрі бар.

Алдымен туберкулезді екі үлкен топқа жіктеп алған жөн. Біріншісі – дәріге сезімтал туберкулез болса, екіншісі – дәріге тәзімді түрі. Туберкулездің микробы табиғатынан дәрі-дәрмекке сезімтал. Яғни, оны дәрімен оңай емдеп алуға болады. Науқанстан ауру анықталғанда-ақ 5-6 айдың ішінде дәрігер жазып берген дәріні үзбей ішсе, дерттен құлан-таза айығып кетеді. Бірақ науқас дәрі-дәрмек ішпей, талаптарды дұрыс сақтамаса, туберкулездің дәріге тұрақты түрі осыдан пайда болады. Өйткені туберкулездің бактериясы – бейімделгіш болады. Дәрігер талабын орындамаса



микробактерия дәрінің әсеріне бейімделіп дәріге тәзімді түрге айналады. Туберкулездің бұл түрін де емдеуге болады. Бір дәріге үйреніп алған туберкулезді енді басқа препараттармен емдеу керек. Ал оған тағы көп уақыт кетеді. Тұрақты форманы емдеу үшін 12-18 ай керек болса, кейде емдеу уақыты 20-24 айға дейін созылуы мүмкін. Қазіргі кезде туберкулезді емдеуге арналған 5-6 препараттың түрі бар.

Қай дертте де сақтық шаралары аса маңызды. Туберкулезде де сондай. Егер біреу жөтеліп, қақырық түкірсе, оған туберкулез деген аурудың бар екенін айтып, сақтандырған дұрыс. Екіншіден, туберкулезге қарсы екіп салдырған абзал. Үшіншіден, жалпы иммунитет пен гигиенаны, тазалықты ұстаған жөн. Негізі, адам дұрыс тамақтану, дұрыс ұйықтау, күйзелістен ада болса, ешқандай ауруға шапдықпайды. Иммунитеті мықты адамға туберкулез жұқпайды.

М.МУКАШЕВ,

аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы


ЗДОРОВЬЕ

ПРОФИЛАКТИКА МЕНИНГОКОККОВОЙ ИНФЕКЦИЙ

Менингит – опасное заболевание, это воспаление оболочек головного и спинного мозга. Болезнь может возникнуть как самостоятельно, так и в качестве осложнения другого процесса.

Существует несколько классификаций менингитов. По этиологии менингит может быть бактериальным, вирусным, грибковым; по характеру воспалительного процесса – гнойным и серозным. Чаще всего причинами менингита являются бактерии или вирусы, поражающие мягкие оболочки мозга и цереброспинальную жидкость. У детей причиной менингита становятся преимущественно энтеровирусы, проникающие в организм через еду, воду, грязные предметы. У взрослых преобладает бактериальный менингит, возбудителем которого являются бактерии Streptococcus pneumoniae и Neisseria meningitidis. Эти бактерии не вызывают менингит, находясь в горле и носу, но попадая в кровь, цереброспинальную жидкость и мягкие ткани головного мозга, провоцируют воспаление. Менингит часто развивается в качестве осложнения различных заболеваний и травм головы.

Основные симптомы менингита: Сильная, сопровождающаяся тошнотой и рвотой, головная боль на фоне любой инфекционной болезни; Боли в шее и спине, особенно при движении головой, обязательно сопровождающиеся повышенной температурой тела; Судороги в любом проявлении; Тошнота, рвота, спутанность сознания, сонливость;



Сыпь в любом проявлении, если она сопровождается повышением температуры тела; Одним из наиболее эффективных методов профилактики бактериального менингита является - вакцинация. Существует качественные вакцины против пневмококка, менингококка и гемофильной палочки. И все они сегодня доступны. Прививка помогает организму заранее подготовиться к встрече с инфекцией. И даже если прошедшей иммунизации человек болеет менингитом, болезнь развивается не так стремительно, и шансов на выздоровление гораздо больше, к тому же появляется вероятность, что организм сможет перебороть инфекцию самостоятельно. Например, в мире уже 14 лет делают прививку против пневмококковой инфекции детям от 2-х месяцев жизни. С 2014 года вакцинация от пневмококковой инфекции включена в Национальный календарь прививок Республики Казахстан. Предупредить развитие инфекций, которые провоцируют воспалительные осложнения в организме (менингит, воспаление легких) возможно посредством вакцинации детей против гемофильной палочки типа В. Вакцинация проводится в 2,3,4,18 месяцев согласно Национального календаря прививок Республики Казахстан.

А.БЕРЛИКОЖАНОВА, Главный специалист районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

2022 жылдың ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге егістік алқаптарын суғаруға арналған, суғармалы судың құнын «Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау» мемлекеттік қызметі бойынша субсидия алуға болатынын хабарлаймыз.

Субсидия алу жолдары мен талаптары бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидасынан біле аласыздар.

Өтінімді Qoldau.kz веб порталы арқылы бере аласыздар.

ВНИМАНИЮ СЕЛЬХОЗТОВАРОПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ

Сообщаем, что в 2022 году сельхозтоваропроизводителям можно получить субсидию по государственной услуге «субсидирование стоимости услуг по подаче воды сельскохозяйственным товаропроизводителям» на стоимость воды для орошения посевных площадей.

Вы можете ознакомиться с правилами субсидирования стоимости услуг по подаче воды сельскохозяйственным товаропроизводителям в правиле «Субсидирование стоимости услуг по подаче воды сельскохозяйственным товаропроизводителям» утвержденным Приказом министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 июня 2015 года № 6-3/597.

Вы можете подать заявку через веб-портал Qoldau.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГКП на ПВХ «Ескельдинская ЦРБ» приглашает на работу врачей по следующему специальным условиям:

1. Врачи общей практики- 4 ставки.
2. Врач реаниматолог-анестезиолог- 1 ставка
3. Врач педиатр- 2 ставки.
4. Врач неонатолог- 1 ставка.
5. Врач терапевт- 1 ставка.
6. Врачи акушер-гинекологи-2 ставки.
7. Врач кардиолог-1 ставка
8. Врач офтальмолог-1 ставка.

Условия:

- Поддержка и обучение сотрудников
- Карьерный/профессиональный рост
- Удобное месторасположение (в 15 км. от города Талдықорған)

Требование:

- Оконченное высшее образование и наличие сертификата
- Желание и умение работать на результат!

ГКП на ПВХ «Ескельдинская ЦРБ» расположена в районном центре Ескельдинского района поселка Карабулак в 15-ти километрах от областного центра города Талдықорған Алматинской области.

По программе «С дипломом в село» можно получить подъёмные и арендное жильё.

